Конкурстық құжаттамаға
16-1-қосымша

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген сатып алынатын қызметтердің техникалық ерекшелігі (тапсырыс беруші толтырады)

Тапсырыс берушінің атауы:	"Атырау облысы Индер аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Ұйымдастырушының атауы:	"Атырау облысы Индер аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Конкурстың №:	№ 17954479-1
Конкурстың атауы:	Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде мүгедектерді тасымалдау бойынша әлеуметтік қызметтерді көрсету
Лоттың №:	№ 88627178-ГС31
Лоттың атауы:	Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру аясында іс-шараларды ұйымдастыру/өткізу бойынша қызметтер
Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы кодының атауы*:	841214.000.000000
Қызметтің атауы*:	Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру аясында іс-шараларды ұйымдастыру/өткізу бойынша қызметтер
Өлшем бірлігі*:	Бір қызмет
Саны (көлемі)*:	1
Қосылған құн салығын есепке алмағандағы бірлік бағасы *:	4250000
Қосылған құн салығын есепке алмағанда, сатып алу үшін бөлінген жалпы сома *:	4250000
Қызмет көрсету мерзімі*:	2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін
Аванстық төлем мөлшері*:	0
Кепілдік мерзімі (айлармен):	12
«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес іске асырылу саласы:	халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарын қолдау

Талап етілетін сипаттамалардың, параметрлердің және өзге де бастапқы деректердің сипаттамасы:	Мүгедектігі бар адамдарды автомобиль көлігімен тасымалдау жөніндегі қызметтер «Автомобиль көлігімен (инватакси) мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 1 қарашадағы № 859 бұйрығына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес жүзеге асырылады. 1. ҚЫЗМЕТТІҢ МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ АУМАҒЫ 1.1. Инватакси қызметтерін көрсетуге өтінімді қабылдау, мүгедектігі бар адамды қарсы алу, оны орналасқан жерінен инватаксиге дейін жеткізуге жәрдемдесу (еріп жүретін адам болмаған жағдайда), сондай-ақ қажет болған жағдайда отырғызуға/түсіруге, багажды тиеуге/түсіруге көмек көрсету, мүгедектігі бар адамды және оны еріп жүретін адамды (болған жағдайда) өтінімде көрсетілген межелі орынға дейін жеткізу кіреді. 1.2. Инватакси қызметтері Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2026 жылғы 3 қыркүйектегі № 102 «Мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балаларды инватаксимен тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету үшін медициналық көрсетілімдер тізбесін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес медициналық көрсетілімдері бар, Индер ауданында тұрақты тіркелген мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балаларға Атырау облысының аумағында көрсетіледі. 1.3. Медициналық көрсетілімдер тізбесі: • толық соқырлық; • түзетумен екі көзінің 0,03-ке дейін көру өткірлігі; • жай-күйі ауырлығының ауыр дәрежесіндегі вестибулярлық-мишықтық бұзылыстар; • жай-күйі ауырлығының ауыр дәрежесіндегі гиперкинетикалық-амиостатикалық синдром; • жай-күйі ауырлығының ауыр дәрежесіндегі паркинсонизм (акинетикалық-регидтік түрі); • жай-күйі ауырлығының ауыр дәрежесіндегі гемипарез, төменгі парапарез, трипарез, тетрапарез; • жай-күйі ауырлығының ауыр дәрежесіндегі гемиплегия, триплегия, параплегия, тетраплегия, диплегия; • жай-күйі ауырлығының ауыр дәрежесіндегі қанайналым және тыныс алу функцияларының бұзылыстары (III сатыдағы қанайналым жеткіліксіздігі, IV функциялық кластағы сәйкесінше стенокардияның коронарлық жеткіліксіздігі, II–III және III сатылардағы өкпе-жүрек функциясы жеткіліксіздігімен қосарласқан III сатыдағы тыныс алу жеткіліксіздігі және басқалар); • жай-күйі ауырлығының ауыр дәрежесіндегі несеп шығару жүйесі функциясының бұзылысы (диализ терапиясын алушылар); • III–IV дәрежедегі буын функцияларының бұзылысын қоса алғанда, жай-күйі ауырлығының ауыр дәрежесіндегі ағзаның статикалық-динамикалық функцияларының бұзылыстары; • протездеуге жатпайтын және жүріп-тұру құралдарын пайдалануды қиындататын екі қолдың ампутациялық тұқылдары; • протездеуге жатпайтын және жүріп-тұру құралдарын пайдалануды қиындататын екі қолдың туа біткен даму ауытқулары; • протездеуге жатпайтын екі санның ампутациялық тұқылдары; • протездеуге жатпайтын, қолдың айқын көрінетін функциялық бұзылыстарымен және жүріп-тұру құралдарын пайдалануды қиындататын екі сирақтың ампутациялық тұқылдары; • жүріп-тұрудың III (үшінші) дәрежедегі бұзылысымен жүретін аяқтардың туа біткен даму ауытқулары; • жүріп-тұру құралдарын пайдалануды қиындататын қолдарының айқын функциялық бұзылыстарымен қосарласқан, буындар функцияларының III–IV дәрежеде бұзылуымен сипатталатын екі жамбас-сан немесе тізе буындарының шорбуындары (анкилоздары), контрактуралары; • заңды өкілінің сүйемелдеуіне мұқтаж, ауыр мінез-құлық бұзылыстары бар психикалық аурулар; • жай-күйі ауырлығының ауыр дәрежесімен жүретін иммундық жүйенің туа біткен бұзылыстары бар адамдар. 1.4. Инватакси қызметтері бекітілген Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес инватакси қызметтерін ұсынуға арналған объектілер мен межелі пункттердің тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) сәйкес көрсетіледі: • мүгедектігі бар адамның жұмыс орны; • мүгедектігі бар адамның оқу орны; • жергілікті өкілді және атқарушы органдар; • сот, прокуратура органдары; • әлеуметтік инфрақұрылым объектілері; • заң консультациялары; • нотариустар; • медициналық мекемелер (жедел (шұғыл) медициналық көмек көрсету жағдайларын қоспағанда); • әуежайлар, теміржол вокзалдары, автовокзалдар, теңіз және өзен порттары; • арнайы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар; • мүгедектігі бар адамдардың қажеттіліктері үшін массаж қызметтерін көрсететін ұйымдар. 1.5. Инватакси қызметі қатаң түрде жоғарыда аталған объектілер мен межелі пункттер бойынша көрсетіледі және Инватакси қызметін жүзеге асырушы ұйым автокөліктерді тек мақсатты түрде пайдалануға міндетті. Инватакси қызметін көрсетуге арналған объектілер мен межелі пункттер Атырау облысының аумағында орналасуы мүмкін. 2. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУШІ ҰЙЫМҒА (ӨНІМ БЕРУШІГЕ) ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР 2.1. Қызмет көрсетуші ұйым және қызмет көрсетуге пайдаланылатын автокөлік құралдары қызметтер нақты көрсетілетін өңірде орналасуы тиіс. Өнім беруші ұйымның инватакси автокөліктерін Атырау облысының басқа да аудандары аумағында пайдалануға шектеулер болмауы тиіс. 2.2. Мүгедектігі бар адамдарды инватаксимен тасымалдау бойынша қызметтерді мынадай талаптарға сай келетін ұйым (өнім беруші) көрсетеді: • жергілікті атқарушы органға таксимен тасымалдаушы ретінде қызметінің басталғаны туралы хабарлама берген; • тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан; • иелігінде (меншік немесе жалға алу құқығында) қажетті инватакси автокөліктері бар; • қызмет көрсету үшін қажетті персоналдың жұмыс істеуіне тиісті жағдай жасаған; • мүгедектігі бар адамдардан өтінімдерді қабылдауға арналған жеке диспетчерлік қызметі бар. 2.3. Диспетчерлік қызмет өтінімдерді қабылдау үшін (ұялы байланысты қоса алғанда) кемінде 2 (екі) телефон нөмірімен, сондай-ақ көрсетілетін қызметтердің сапасы мен санын бақылау мақсатында Интернет желісі арқылы телефон келіссөздерін жазу мүмкіндігін қамтамасыз ететін құрылғымен жарақтандырылуы тиіс. Көрсетілетін қызметтердің сапасы мен санын бақылау мақсатында диспетчерлік қызметте телефон арқылы сөйлесулерді аудиожазбамен қамтамасыз ететін арнайы құрылғы болуы тиіс. 2.4. Өнім беруші ұйым мүгедектігі бар адамдарға инватакси қызметтерінің, өз ғимараттары мен құрылыс жайларының (бар болған жағдайда), сондай-ақ көрсетілетін қызметтер жөніндегі ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз етуге және қызмет көрсету барысында қажетті ыңғайлылықтар мен жағдайлар жасауға міндетті. 2.5. Өнім беруші инватакси жүргізушілерін рейс алдындағы міндетті медициналық куәландырудан (қарап-тексеруден), сондай-ақ автокөлік құралдарын рейс алдындағы техникалық тексеруден өткізуді қамтамасыз етуге міндетті. 2.6. Мүгедектігі бар адамдарды тасымалдауды автокөлік құралдарын басқару өтілі кемінде 3 (үш) жыл және мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсету ерекшеліктері бойынша оқытудан (инструктажбен) өткен жүргізушілер жүзеге асыруы тиіс. 2.7. Диспетчерлер мен жүргізушілер қызмет көрсету барысында кәсіби этика мен мінез-құлық нормаларын қатаң сақтауға міндетті. Жүргізуші автокөлік салонында қалып қойған немесе ұмытылған мүгедектігі бар адамдардың заттарының сақталуына жауап бермейді. 2.8. Аталған жобаны сапалы жүзеге асыру үшін өнім беруші ұйымның нақты егжей-тегжейлі жұмыс жоспары болуы тиіс. 3. АВТОКӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫНА ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІККЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР 3.1. Өнім берушіде мүгедектігі бар адамдарды тасымалдауға арналған кемінде 6 (алты) автокөлік құралы, оның ішінде кресло-арбамен тасымалдауға арнайы бейімделген кемінде 1 (бір) инватакси болуы тиіс. 3.2. Өнім берушіде мүгедектігі бар адамдарды, оның ішінде кресло-арбаны пайдаланатын мүгедектігі бар адамдарды тасымалдауға арнайы бейімделген, «Жолаушылар такси тасымалдары бойынша автокөлік қызметтері» ҚР СТ 2272-2024 Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты талаптарына сәйкес келетін жеңіл автокөлік құралдарының болуы тиіс. 3.3. Инватакси автокөліктерінің алдыңғы және артқы бөліктерінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 534 бұйрығымен бекітілген «Жол жүрісі қағидаларын, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы» ереженің 1-қосымшасына сәйкес (7.17-тармағында көрсетілген жол белгісінің нышаны бейнеленген) төртбұрыш түріндегі «Мүгедектігі бар адам» тану белгілері болуы тиіс. 3.4. Кресло-арбаларды пайдаланатын және (немесе) өз бетінше қозғалу мүмкіндігі жоқ мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау үшін отырғызуға және түсіруге арналған арнайы гидравликалық немесе жылжымалы (ашылатын) құрылғымен, сондай-ақ кресло-арбаларды бекітуге арналған құралдармен жарақтандырылған автокөлік пайдаланылуы тиіс. 3.5. Өз бетінше жүріп-тұру мүмкіндігі бар және кресло-арбаларды пайдаланбайтын мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау үшін отырғызуға және түсіруге арналған арнайы гидравликалық немесе жылжымалы (ашылатын) құрылғымен, сондай-ақ кресло-арбаларды бекіту құралдарымен жарақтандырылмаған автокөлік құралдарын пайдалануға жол беріледі. 3.6. 12 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларды автокөлік конструкциясында көзделген қауіпсіздік белдіктерінің көмегімен баланы бекітуге мүмкіндік беретін арнайы балаларды ұстау құрылғысы немесе өзге де құралдар болмаған кезде, ал арнайы балаларды ұстау құрылғысы болмаған жағдайда инватаксидің алдыңғы орындығында тасымалдауға жол берілмейді. Мүгедектігі бар балаларды автомобиль транспортымен тасымалдау кезінде олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін автокөлікке арнайы балалар ұстау құрылғысын (балалар қауіпсіздік орындығын / автокреслоны) орнату міндетті болып табылады. 3.7. Автокөлікте климат бақылау (климат-контроль/кондиционер) жүйесінің болуы және оның ақаусыз жұмыс істейтінін растайтын тиісті техникалық тексеруден (диагностикадан) өткені туралы құжатының болуы шарт. 3.8. Мүгедектігі бар адамдардың және қызмет көрсетуші ұйымның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында автокөліктерде аудиожазба құрылғылары (бейне/аудиотіркегіштер) орнатылуы тиіс. 3.9. Қызмет берушінің көлік құралдарында техникалық ақаулар немесе бұзылулар туындаған жағдайда, көрсетілетін қызметтің үзілуіне жол бермеу мақсатында жеделдетілген түрде оның орнына резервтік (қосалқы) көлік құралы ұсынылуы міндеттеледі. 4. ҚЫЗМЕТ ТАПСЫРЫС БЕРУ ЖӘНЕ КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ 4.1. Мүгедектігі бар адамдар инватакси қызметін алуға өтінімді жоспарланған сапар күніне дейін (бір күн бұрын) инватакси қызметін көрсететін ұйымға телефон байланысы немесе «WhatsApp» мессенджері арқылы береді. Өтінімдерді қабылдау уақыты сағат 09:00-ден 18:30-ға дейін (жергілікті уақыт бойынша) белгіленеді. 4.2. Сенбі, жексенбі және мереке күндері келетін сапарларға өтінімдерді қабылдауды және кестені қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін өнім беруші тарапынан тиісті мамандардың жұмысы ұйымдастырылуы тиіс. Тәуліктің кешкі және түнгі уақытында, сондай-ақ демалыс және мереке күндері мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балалардың жол жүру жөніндегі өтінімдерін жедел орындау үшін кезекші инватакси көліктерінің болуы қамтамасыз етілуі тиіс. 4.3. Өтінімді (тапсырысты) беру кезінде мүгедектігі бар адам мынадай мәліметтерді хабарлайды: • тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда); • сапардың күні мен уақыты; • белгіленген пункттің (межелі орынның) нақты мекенжайы; • мүгедектігі бар адаммен және (немесе) оның заңды өкілімен байланысуға арналған телефон нөмірі; • өзге де қосымша ақпарат (жолаушылар саны, багаж көлемі, мүгедектігі бар адамның денсаулық жағдайының ерекшеліктері, сондай-ақ пойыздың, автобустың немесе әуе кемесінің келу/кету уақыты). 4.4. Диспетчер инватакси бағытын (маршрутын) қалыптастыру кезінде өтінім уақытына түзетулер енгізуге құқылы және оны мүгедектігі бар адаммен алдын ала келіседі. Қызметтерді көрсету кезінде инватаксидің жүру бағыты бойынша бір мезгілде бірнеше мүгедектігі бар адамның өтінімін бірге орындауға (топтық сапарды ұйымдастыруға) жол беріледі. 4.5. Өтінімнен бас тартқан (алып тастаған) жағдайда мүгедектігі бар адам бұл туралы тапсырыстың белгіленген уақытына дейін кемінде 1 (бір) сағат бұрын диспетчерлік қызметке хабарлауға міндетті. Инватакси тапсырыс беру орнына келгені туралы хабарланғаннан кейін мүгедектігі бар адамды 20 (жиырма) минут күтеді. Егер мүгедектігі бар адам көрсетілген уақыт ішінде шықпаса, тапсырыс жойылады және өтінім орындалды деп есептеледі. 4.6. Жүру бағыты (маршрут) өзгеретін жағдайда мүгедектігі бар адам бұл туралы тапсырыстың белгіленген уақытына дейін кемінде 1 (бір) сағат бұрын диспетчерге телефон арқылы хабарлайды. Егер сапар мекенжайының өзгеруі бекітілген инватакси маршрутына сәйкес келмесе, диспетчер мүгедектігі бар адамға сапар мекенжайын өзгертуден бас тартады. 4.7. Мүгедектігі бар адам белгіленген уақыттан кешігетін болса, ол бұл туралы тапсырыс уақытына дейін кемінде 1 (бір) сағат бұрын диспетчерге хабарлауы тиіс. Диспетчер тапсырыс уақытын кейінге ауыстырады немесе бұл кешігу инватакси қызметін көрсетудің жалпы кестесін бұзатын болса, тапсырысты жояды. 4.8. Инватакси қызметтері жұмыс, оқу немесе мектепке дейінгі ұйымның жұмыс кестесіне сәйкес мүгедектігі бар адамдар болып табылатын жұмыс істеушілерге, білім алушыларға және мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиеленушілеріне бірінші кезекте ұсынылады. Мүгедектігі бар өзге адамдарға инватакси қызметтері олардың жүгіну кезегіне қарай көрсетіледі. 4.9. Инватакси салонында Тасымалдау қағидаларына сәйкес мүгедектігі бар адам алатын бір орынға багаж алып жүруге рұқсат етіледі. Мүгедектігі бар адамның өтініші бойынша жиектастардан (бордюр), сатылардан, баспалдақтардан және басқа да кедергілерден өтуге көмек көрсету жүргізушінің келісімімен ғана жүзеге асырылады. 5. СҮЙЕМЕЛДЕУ ТАЛАПТАРЫ МЕН ШЕКТЕУЛЕР 5.1. Қағиданың 23-тармағына сәйкес инватаксимен тасымалдау қызметін алуға медициналық көрсетілімдері бар мүгедектігі бар адамды сапар барысында бір адам сүйемелдейді. 5.2. Мүгедектігі бар адамды инватаксимен тасымалдауға тек сүйемелдеуші адам болған кезде мынадай жағдайларда жол беріледі: • өз бетінше жүріп-тұру мүмкіндігі болмағанда, оның ішінде арнайы жүріп-тұру құралдарын пайдаланған кезде; • мүгедектігі бар балаларды олардың заңды өкілдерінің сүйемелдеуімен тасымалдау бойынша қызметтер көрсетілгенде; • 18 жастағы және одан үлкен мүгедектігі бар адамдарды олардың жеке көмекшісі немесе заңды өкілі сүйемелдегенде. 5.3. Мүгедектігі бар адамды тасымалдау кезінде онымен бірге 14 жасқа дейінгі баласын тасымалдауға жол беріледі. (Мүгедектігі бар адаммен бірге 14 жасқа дейінгі баланы тасымалдауға тек мүгедектігі бар адамның өзіне тізбеге сәйкес бекітілген межелі пунктке баратын сапары кезінде қосымша ілесіп жүруі үшін ғана жол беріледі. Инватакси қызметін мүгедектігі бар адамның 14 жасқа дейінгі баласын мектепке, мектепке дейінгі ұйымдарға, қосымша білім беру (үйірмелер, секциялар) ұйымдарына жеткізу және алып қайту мақсатында пайдалануға жол берілмейді). 5.4. Мүгедектігі бар адамдар немесе олардың заңды өкілдері инватаксимен тасымалдау қызметін алуға өтінім берген кезде, инватакси қызметін көрсететін ұйымға сүйемелдеуші адамның қажеттілігі бар немесе жоқ екендігі туралы хабарлайды. Қағиданың 23-тармағына сәйкес инватакси қызметін алуға медициналық көрсетілімдері жоқ және (немесе) сүйемелдеуші тұлға болып табылмайтын бөгде адамдарды инватаксимен тасымалдауға жол берілмейді. 5.5. Инватакси қызметін алушы мүгедектігі бар адам (немесе оның заңды өкілі) мен қызмет көрсетуші ұйым арасында қызмет көрсету шарты (өзара арнайы келісім) жасалуы тиіс. 6. ҚЫЗМЕТ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚҰЖАТТАРЫН ТІРКЕУ 6.1. Инватакси қызметін алу үшін өтініш беруші инватакси қызметін көрсететін ұйымға мынадай құжаттарды ұсынады: • сүйемелдеуші адамның қажеттілігі бар немесе жоқ екендігі туралы ақпаратты көрсете отырып, еркін нысандағы өтініш; • жеке басын куәландыратын құжат немесе туу туралы куәлік; • «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) мүгедектігі бар адамдарға инватакси қызметтерін ұсыну үшін 026/е нысаны бойынша дәрігерлік-консультациялық комиссияның қолданыстағы қорытындысы (бұдан әрі – ДКК қорытындысы); • «Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32922 болып тіркелген) 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мүгедектік туралы анықтама. 6.2. Осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттар салыстыру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, салыстырып тексерілгеннен кейін құжаттардың түпнұсқалары мүгедектігі бар адамға қайтарылады. Цифрлық құжаттар сервисі арқылы пайдаланылатын және жеке әрі заңды тұлғаларға ұсынылатын жеке басты куәландыратын электрондық құжаттар қағаз жеткізгіштегі құжаттармен тең. 6.3. Өтініш беруші Қағиданың 55-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен мәліметтерді (құжаттарды) ұсынған жағдайда, инватакси қызметін көрсететін ұйым өтінішті қабылдаудан бас тартады және бұл туралы өтініш берушіге хабарлайды. Қағидалардың 55-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасы толық әрі сәйкес болған кезде, инватакси қызметін көрсететін ұйым өтінішті келіп түсу кезегіне қарай тіркейді. 7. ҚАРЖЫЛЫҚ ШАРТТАР, МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРУ ТАЛАПТАРЫ 7.1. Автомобиль көлігімен тасымалдау қызметтеріне ақы төлеу автомобиль көлігінің нақты жұмыс уақытына негізделеді және машина-сағатпен (сағатпен) өлшенеді. Автокөлік құралының 1 (бір) сағатының (машина-сағат) құны — 2773 тенге. Инватакси қызметі тәулік бойы режимде, күндізгі және түнгі уақытта, сондай-ақ демалыс және мереке күндері көрсетіледі. 7.2. Қызметтерді көрсету мерзімі Қазынашылық органдарында шарт тіркелген күннен бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін жүзеге асырылады. 7.3. Есеп беру талаптары: Өнім беруші «Индер аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесіне төмендегі есептілік құжаттарын ұсынуға міндетті: • Инватакси қызметін алушылардың белгіленген 026-формасының көшірмелерін тапсыру. • Межелі пунктке жеткеннен кейін мүгедектігі бар адам инватакси жүргізушісінің бағыттық парағына (маршруттық парағына) қол қояды (дене функцияларының бұзылуына байланысты өз бетінше қол қою мүмкіндігі болмаған жағдайда, бағыттық параққа сүйемелдеуші адам қол қояды). Барлық ұсынылатын өтінімдер, маршруттық парақтар және өзге де есептік/растаушы құжаттар Қағидада көрсетілген №1, №2, №3 және №4 қосымшаларда белгіленген талаптар мен нысандарға қатаң сәйкес толық рәсімделуі тиіс. • Өнім беруші атқарған жұмысы жөніндегі есебін, атқарылған жұмыстардың актісін, сондай-ақ инватаксидің орындалған жұмыстарын растайтын және мүгедектігі бар адамдардың (немесе оларды сүйемелдеуші тұлғалардың) қолдары қойылған маршруттық парақтарды әр айдың 5-іне дейінгі мерзімде ұсынады. Қажет болған жағдайда немесе Тапсырыс берушінің талабы бойынша жүргізушілердің рейс алдындағы міндетті медициналық қарап-тексеру журналын ұсыну. • Өнім беруші есептілік құжаттарын толық топтамасымен тапсырғаннан кейін, Тапсырыс беруші оларды егжей-тегжейлі тексеріп болған соң ғана 10 (он) жұмыс күні ішінде қабылдайды. 8. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ 8.1. Мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіздік талаптарының толық сақталуы қамтамасыз етілуі тиіс. Егер мүгедектігі бар адамды тасымалдау кезінде тасымалдаушы ұйымға қарасты автокөлік жүргізушісінің кінәсінен жол-көлік оқиғасы орын алған жағдайда, мүгедектігі бар адамға келтірілген барлық залал мен материалдық шығын ұйым тарапынан толық көлемде өтелуі тиіс. Қызмет көрсетуші ұйым барлық автокөліктеріне және қызмет алушыларға қатысты міндетті сақтандыру полисін жасақтауды қамтамасыз етуге міндетті. 8.2. Орындаушы бөлінген қаражаттың мақсатты және тиімді жұмсалуы үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес толық жауапкершілік көтереді. 8.3. Тапсырыс беруші мүгедектігі бар адамдарға көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылауға, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсетуді ұйымдастыру және оның сапасы бойынша өнім берушіге қатысты тексерулер жүргізуге құқылы. 8.4. Инватакси қызметін көрсетуші ұйымның атына түскен арыздар мен шағымдар ұйым тарапынан уақтылы қаралып, тиісті жауап берілуі тиіс. Егер арыз-шағымдар қанағаттандырылмаған жағдайда, Тапсырыс беруші бөлімі тарапынан қолданыстағы заңнама мен шарт талаптарының аясында тиісті шаралар қолданылады. 8.5. Мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау саласында жаңадан нормативтік құқықтық актілер қабылданған немесе қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізілген жағдайда, шарт мерзімінен бұрын бұзылуы немесе қайта қаралуы мүмкін.

Қызметтің сапасына қойылатын талаптар:**	Мүгедектігі бар адамдарды автомобиль көлігімен тасымалдау жөніндегі қызметтер «Автомобиль көлігімен (инватакси) мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 1 қарашадағы № 859 бұйрығына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес жүзеге асырылады. 1. ҚЫЗМЕТТІҢ МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ АУМАҒЫ 1.1. Инватакси қызметтерін көрсетуге өтінімді қабылдау, мүгедектігі бар адамды қарсы алу, оны орналасқан жерінен инватаксиге дейін жеткізуге жәрдемдесу (еріп жүретін адам болмаған жағдайда), сондай-ақ қажет болған жағдайда отырғызуға/түсіруге, багажды тиеуге/түсіруге көмек көрсету, мүгедектігі бар адамды және оны еріп жүретін адамды (болған жағдайда) өтінімде көрсетілген межелі орынға дейін жеткізу кіреді. 1.2. Инватакси қызметтері Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2026 жылғы 3 қыркүйектегі № 102 «Мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балаларды инватаксимен тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету үшін медициналық көрсетілімдер тізбесін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес медициналық көрсетілімдері бар, Индер ауданында тұрақты тіркелген мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балаларға Атырау облысының аумағында көрсетіледі. 1.3. Медициналық көрсетілімдер тізбесі: • толық соқырлық; • түзетумен екі көзінің 0,03-ке дейін көру өткірлігі; • жай-күйі ауырлығының ауыр дәрежесіндегі вестибулярлық-мишықтық бұзылыстар; • жай-күйі ауырлығының ауыр дәрежесіндегі гиперкинетикалық-амиостатикалық синдром; • жай-күйі ауырлығының ауыр дәрежесіндегі паркинсонизм (акинетикалық-регидтік түрі); • жай-күйі ауырлығының ауыр дәрежесіндегі гемипарез, төменгі парапарез, трипарез, тетрапарез; • жай-күйі ауырлығының ауыр дәрежесіндегі гемиплегия, триплегия, параплегия, тетраплегия, диплегия; • жай-күйі ауырлығының ауыр дәрежесіндегі қанайналым және тыныс алу функцияларының бұзылыстары (III сатыдағы қанайналым жеткіліксіздігі, IV функциялық кластағы сәйкесінше стенокардияның коронарлық жеткіліксіздігі, II–III және III сатылардағы өкпе-жүрек функциясы жеткіліксіздігімен қосарласқан III сатыдағы тыныс алу жеткіліксіздігі және басқалар); • жай-күйі ауырлығының ауыр дәрежесіндегі несеп шығару жүйесі функциясының бұзылысы (диализ терапиясын алушылар); • III–IV дәрежедегі буын функцияларының бұзылысын қоса алғанда, жай-күйі ауырлығының ауыр дәрежесіндегі ағзаның статикалық-динамикалық функцияларының бұзылыстары; • протездеуге жатпайтын және жүріп-тұру құралдарын пайдалануды қиындататын екі қолдың ампутациялық тұқылдары; • протездеуге жатпайтын және жүріп-тұру құралдарын пайдалануды қиындататын екі қолдың туа біткен даму ауытқулары; • протездеуге жатпайтын екі санның ампутациялық тұқылдары; • протездеуге жатпайтын, қолдың айқын көрінетін функциялық бұзылыстарымен және жүріп-тұру құралдарын пайдалануды қиындататын екі сирақтың ампутациялық тұқылдары; • жүріп-тұрудың III (үшінші) дәрежедегі бұзылысымен жүретін аяқтардың туа біткен даму ауытқулары; • жүріп-тұру құралдарын пайдалануды қиындататын қолдарының айқын функциялық бұзылыстарымен қосарласқан, буындар функцияларының III–IV дәрежеде бұзылуымен сипатталатын екі жамбас-сан немесе тізе буындарының шорбуындары (анкилоздары), контрактуралары; • заңды өкілінің сүйемелдеуіне мұқтаж, ауыр мінез-құлық бұзылыстары бар психикалық аурулар; • жай-күйі ауырлығының ауыр дәрежесімен жүретін иммундық жүйенің туа біткен бұзылыстары бар адамдар. 1.4. Инватакси қызметтері бекітілген Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес инватакси қызметтерін ұсынуға арналған объектілер мен межелі пункттердің тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) сәйкес көрсетіледі: • мүгедектігі бар адамның жұмыс орны; • мүгедектігі бар адамның оқу орны; • жергілікті өкілді және атқарушы органдар; • сот, прокуратура органдары; • әлеуметтік инфрақұрылым объектілері; • заң консультациялары; • нотариустар; • медициналық мекемелер (жедел (шұғыл) медициналық көмек көрсету жағдайларын қоспағанда); • әуежайлар, теміржол вокзалдары, автовокзалдар, теңіз және өзен порттары; • арнайы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар; • мүгедектігі бар адамдардың қажеттіліктері үшін массаж қызметтерін көрсететін ұйымдар. 1.5. Инватакси қызметі қатаң түрде жоғарыда аталған объектілер мен межелі пункттер бойынша көрсетіледі және Инватакси қызметін жүзеге асырушы ұйым автокөліктерді тек мақсатты түрде пайдалануға міндетті. Инватакси қызметін көрсетуге арналған объектілер мен межелі пункттер Атырау облысының аумағында орналасуы мүмкін. 2. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУШІ ҰЙЫМҒА (ӨНІМ БЕРУШІГЕ) ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР 2.1. Қызмет көрсетуші ұйым және қызмет көрсетуге пайдаланылатын автокөлік құралдары қызметтер нақты көрсетілетін өңірде орналасуы тиіс. Өнім беруші ұйымның инватакси автокөліктерін Атырау облысының басқа да аудандары аумағында пайдалануға шектеулер болмауы тиіс. 2.2. Мүгедектігі бар адамдарды инватаксимен тасымалдау бойынша қызметтерді мынадай талаптарға сай келетін ұйым (өнім беруші) көрсетеді: • жергілікті атқарушы органға таксимен тасымалдаушы ретінде қызметінің басталғаны туралы хабарлама берген; • тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан; • иелігінде (меншік немесе жалға алу құқығында) қажетті инватакси автокөліктері бар; • қызмет көрсету үшін қажетті персоналдың жұмыс істеуіне тиісті жағдай жасаған; • мүгедектігі бар адамдардан өтінімдерді қабылдауға арналған жеке диспетчерлік қызметі бар. 2.3. Диспетчерлік қызмет өтінімдерді қабылдау үшін (ұялы байланысты қоса алғанда) кемінде 2 (екі) телефон нөмірімен, сондай-ақ көрсетілетін қызметтердің сапасы мен санын бақылау мақсатында Интернет желісі арқылы телефон келіссөздерін жазу мүмкіндігін қамтамасыз ететін құрылғымен жарақтандырылуы тиіс. Көрсетілетін қызметтердің сапасы мен санын бақылау мақсатында диспетчерлік қызметте телефон арқылы сөйлесулерді аудиожазбамен қамтамасыз ететін арнайы құрылғы болуы тиіс. 2.4. Өнім беруші ұйым мүгедектігі бар адамдарға инватакси қызметтерінің, өз ғимараттары мен құрылыс жайларының (бар болған жағдайда), сондай-ақ көрсетілетін қызметтер жөніндегі ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз етуге және қызмет көрсету барысында қажетті ыңғайлылықтар мен жағдайлар жасауға міндетті. 2.5. Өнім беруші инватакси жүргізушілерін рейс алдындағы міндетті медициналық куәландырудан (қарап-тексеруден), сондай-ақ автокөлік құралдарын рейс алдындағы техникалық тексеруден өткізуді қамтамасыз етуге міндетті. 2.6. Мүгедектігі бар адамдарды тасымалдауды автокөлік құралдарын басқару өтілі кемінде 3 (үш) жыл және мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсету ерекшеліктері бойынша оқытудан (инструктажбен) өткен жүргізушілер жүзеге асыруы тиіс. 2.7. Диспетчерлер мен жүргізушілер қызмет көрсету барысында кәсіби этика мен мінез-құлық нормаларын қатаң сақтауға міндетті. Жүргізуші автокөлік салонында қалып қойған немесе ұмытылған мүгедектігі бар адамдардың заттарының сақталуына жауап бермейді. 2.8. Аталған жобаны сапалы жүзеге асыру үшін өнім беруші ұйымның нақты егжей-тегжейлі жұмыс жоспары болуы тиіс. 3. АВТОКӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫНА ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІККЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР 3.1. Өнім берушіде мүгедектігі бар адамдарды тасымалдауға арналған кемінде 6 (алты) автокөлік құралы, оның ішінде кресло-арбамен тасымалдауға арнайы бейімделген кемінде 1 (бір) инватакси болуы тиіс. 3.2. Өнім берушіде мүгедектігі бар адамдарды, оның ішінде кресло-арбаны пайдаланатын мүгедектігі бар адамдарды тасымалдауға арнайы бейімделген, «Жолаушылар такси тасымалдары бойынша автокөлік қызметтері» ҚР СТ 2272-2024 Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты талаптарына сәйкес келетін жеңіл автокөлік құралдарының болуы тиіс. 3.3. Инватакси автокөліктерінің алдыңғы және артқы бөліктерінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 534 бұйрығымен бекітілген «Жол жүрісі қағидаларын, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы» ереженің 1-қосымшасына сәйкес (7.17-тармағында көрсетілген жол белгісінің нышаны бейнеленген) төртбұрыш түріндегі «Мүгедектігі бар адам» тану белгілері болуы тиіс. 3.4. Кресло-арбаларды пайдаланатын және (немесе) өз бетінше қозғалу мүмкіндігі жоқ мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау үшін отырғызуға және түсіруге арналған арнайы гидравликалық немесе жылжымалы (ашылатын) құрылғымен, сондай-ақ кресло-арбаларды бекітуге арналған құралдармен жарақтандырылған автокөлік пайдаланылуы тиіс. 3.5. Өз бетінше жүріп-тұру мүмкіндігі бар және кресло-арбаларды пайдаланбайтын мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау үшін отырғызуға және түсіруге арналған арнайы гидравликалық немесе жылжымалы (ашылатын) құрылғымен, сондай-ақ кресло-арбаларды бекіту құралдарымен жарақтандырылмаған автокөлік құралдарын пайдалануға жол беріледі. 3.6. 12 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларды автокөлік конструкциясында көзделген қауіпсіздік белдіктерінің көмегімен баланы бекітуге мүмкіндік беретін арнайы балаларды ұстау құрылғысы немесе өзге де құралдар болмаған кезде, ал арнайы балаларды ұстау құрылғысы болмаған жағдайда инватаксидің алдыңғы орындығында тасымалдауға жол берілмейді. Мүгедектігі бар балаларды автомобиль транспортымен тасымалдау кезінде олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін автокөлікке арнайы балалар ұстау құрылғысын (балалар қауіпсіздік орындығын / автокреслоны) орнату міндетті болып табылады. 3.7. Автокөлікте климат бақылау (климат-контроль/кондиционер) жүйесінің болуы және оның ақаусыз жұмыс істейтінін растайтын тиісті техникалық тексеруден (диагностикадан) өткені туралы құжатының болуы шарт. 3.8. Мүгедектігі бар адамдардың және қызмет көрсетуші ұйымның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында автокөліктерде аудиожазба құрылғылары (бейне/аудиотіркегіштер) орнатылуы тиіс. 3.9. Қызмет берушінің көлік құралдарында техникалық ақаулар немесе бұзылулар туындаған жағдайда, көрсетілетін қызметтің үзілуіне жол бермеу мақсатында жеделдетілген түрде оның орнына резервтік (қосалқы) көлік құралы ұсынылуы міндеттеледі. 4. ҚЫЗМЕТ ТАПСЫРЫС БЕРУ ЖӘНЕ КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ 4.1. Мүгедектігі бар адамдар инватакси қызметін алуға өтінімді жоспарланған сапар күніне дейін (бір күн бұрын) инватакси қызметін көрсететін ұйымға телефон байланысы немесе «WhatsApp» мессенджері арқылы береді. Өтінімдерді қабылдау уақыты сағат 09:00-ден 18:30-ға дейін (жергілікті уақыт бойынша) белгіленеді. 4.2. Сенбі, жексенбі және мереке күндері келетін сапарларға өтінімдерді қабылдауды және кестені қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін өнім беруші тарапынан тиісті мамандардың жұмысы ұйымдастырылуы тиіс. Тәуліктің кешкі және түнгі уақытында, сондай-ақ демалыс және мереке күндері мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балалардың жол жүру жөніндегі өтінімдерін жедел орындау үшін кезекші инватакси көліктерінің болуы қамтамасыз етілуі тиіс. 4.3. Өтінімді (тапсырысты) беру кезінде мүгедектігі бар адам мынадай мәліметтерді хабарлайды: • тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда); • сапардың күні мен уақыты; • белгіленген пункттің (межелі орынның) нақты мекенжайы; • мүгедектігі бар адаммен және (немесе) оның заңды өкілімен байланысуға арналған телефон нөмірі; • өзге де қосымша ақпарат (жолаушылар саны, багаж көлемі, мүгедектігі бар адамның денсаулық жағдайының ерекшеліктері, сондай-ақ пойыздың, автобустың немесе әуе кемесінің келу/кету уақыты). 4.4. Диспетчер инватакси бағытын (маршрутын) қалыптастыру кезінде өтінім уақытына түзетулер енгізуге құқылы және оны мүгедектігі бар адаммен алдын ала келіседі. Қызметтерді көрсету кезінде инватаксидің жүру бағыты бойынша бір мезгілде бірнеше мүгедектігі бар адамның өтінімін бірге орындауға (топтық сапарды ұйымдастыруға) жол беріледі. 4.5. Өтінімнен бас тартқан (алып тастаған) жағдайда мүгедектігі бар адам бұл туралы тапсырыстың белгіленген уақытына дейін кемінде 1 (бір) сағат бұрын диспетчерлік қызметке хабарлауға міндетті. Инватакси тапсырыс беру орнына келгені туралы хабарланғаннан кейін мүгедектігі бар адамды 20 (жиырма) минут күтеді. Егер мүгедектігі бар адам көрсетілген уақыт ішінде шықпаса, тапсырыс жойылады және өтінім орындалды деп есептеледі. 4.6. Жүру бағыты (маршрут) өзгеретін жағдайда мүгедектігі бар адам бұл туралы тапсырыстың белгіленген уақытына дейін кемінде 1 (бір) сағат бұрын диспетчерге телефон арқылы хабарлайды. Егер сапар мекенжайының өзгеруі бекітілген инватакси маршрутына сәйкес келмесе, диспетчер мүгедектігі бар адамға сапар мекенжайын өзгертуден бас тартады. 4.7. Мүгедектігі бар адам белгіленген уақыттан кешігетін болса, ол бұл туралы тапсырыс уақытына дейін кемінде 1 (бір) сағат бұрын диспетчерге хабарлауы тиіс. Диспетчер тапсырыс уақытын кейінге ауыстырады немесе бұл кешігу инватакси қызметін көрсетудің жалпы кестесін бұзатын болса, тапсырысты жояды. 4.8. Инватакси қызметтері жұмыс, оқу немесе мектепке дейінгі ұйымның жұмыс кестесіне сәйкес мүгедектігі бар адамдар болып табылатын жұмыс істеушілерге, білім алушыларға және мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиеленушілеріне бірінші кезекте ұсынылады. Мүгедектігі бар өзге адамдарға инватакси қызметтері олардың жүгіну кезегіне қарай көрсетіледі. 4.9. Инватакси салонында Тасымалдау қағидаларына сәйкес мүгедектігі бар адам алатын бір орынға багаж алып жүруге рұқсат етіледі. Мүгедектігі бар адамның өтініші бойынша жиектастардан (бордюр), сатылардан, баспалдақтардан және басқа да кедергілерден өтуге көмек көрсету жүргізушінің келісімімен ғана жүзеге асырылады. 5. СҮЙЕМЕЛДЕУ ТАЛАПТАРЫ МЕН ШЕКТЕУЛЕР 5.1. Қағиданың 23-тармағына сәйкес инватаксимен тасымалдау қызметін алуға медициналық көрсетілімдері бар мүгедектігі бар адамды сапар барысында бір адам сүйемелдейді. 5.2. Мүгедектігі бар адамды инватаксимен тасымалдауға тек сүйемелдеуші адам болған кезде мынадай жағдайларда жол беріледі: • өз бетінше жүріп-тұру мүмкіндігі болмағанда, оның ішінде арнайы жүріп-тұру құралдарын пайдаланған кезде; • мүгедектігі бар балаларды олардың заңды өкілдерінің сүйемелдеуімен тасымалдау бойынша қызметтер көрсетілгенде; • 18 жастағы және одан үлкен мүгедектігі бар адамдарды олардың жеке көмекшісі немесе заңды өкілі сүйемелдегенде. 5.3. Мүгедектігі бар адамды тасымалдау кезінде онымен бірге 14 жасқа дейінгі баласын тасымалдауға жол беріледі. (Мүгедектігі бар адаммен бірге 14 жасқа дейінгі баланы тасымалдауға тек мүгедектігі бар адамның өзіне тізбеге сәйкес бекітілген межелі пунктке баратын сапары кезінде қосымша ілесіп жүруі үшін ғана жол беріледі. Инватакси қызметін мүгедектігі бар адамның 14 жасқа дейінгі баласын мектепке, мектепке дейінгі ұйымдарға, қосымша білім беру (үйірмелер, секциялар) ұйымдарына жеткізу және алып қайту мақсатында пайдалануға жол берілмейді). 5.4. Мүгедектігі бар адамдар немесе олардың заңды өкілдері инватаксимен тасымалдау қызметін алуға өтінім берген кезде, инватакси қызметін көрсететін ұйымға сүйемелдеуші адамның қажеттілігі бар немесе жоқ екендігі туралы хабарлайды. Қағиданың 23-тармағына сәйкес инватакси қызметін алуға медициналық көрсетілімдері жоқ және (немесе) сүйемелдеуші тұлға болып табылмайтын бөгде адамдарды инватаксимен тасымалдауға жол берілмейді. 5.5. Инватакси қызметін алушы мүгедектігі бар адам (немесе оның заңды өкілі) мен қызмет көрсетуші ұйым арасында қызмет көрсету шарты (өзара арнайы келісім) жасалуы тиіс. 6. ҚЫЗМЕТ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚҰЖАТТАРЫН ТІРКЕУ 6.1. Инватакси қызметін алу үшін өтініш беруші инватакси қызметін көрсететін ұйымға мынадай құжаттарды ұсынады: • сүйемелдеуші адамның қажеттілігі бар немесе жоқ екендігі туралы ақпаратты көрсете отырып, еркін нысандағы өтініш; • жеке басын куәландыратын құжат немесе туу туралы куәлік; • «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) мүгедектігі бар адамдарға инватакси қызметтерін ұсыну үшін 026/е нысаны бойынша дәрігерлік-консультациялық комиссияның қолданыстағы қорытындысы (бұдан әрі – ДКК қорытындысы); • «Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32922 болып тіркелген) 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мүгедектік туралы анықтама. 6.2. Осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттар салыстыру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, салыстырып тексерілгеннен кейін құжаттардың түпнұсқалары мүгедектігі бар адамға қайтарылады. Цифрлық құжаттар сервисі арқылы пайдаланылатын және жеке әрі заңды тұлғаларға ұсынылатын жеке басты куәландыратын электрондық құжаттар қағаз жеткізгіштегі құжаттармен тең. 6.3. Өтініш беруші Қағиданың 55-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен мәліметтерді (құжаттарды) ұсынған жағдайда, инватакси қызметін көрсететін ұйым өтінішті қабылдаудан бас тартады және бұл туралы өтініш берушіге хабарлайды. Қағидалардың 55-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасы толық әрі сәйкес болған кезде, инватакси қызметін көрсететін ұйым өтінішті келіп түсу кезегіне қарай тіркейді. 7. ҚАРЖЫЛЫҚ ШАРТТАР, МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРУ ТАЛАПТАРЫ 7.1. Автомобиль көлігімен тасымалдау қызметтеріне ақы төлеу автомобиль көлігінің нақты жұмыс уақытына негізделеді және машина-сағатпен (сағатпен) өлшенеді. Автокөлік құралының 1 (бір) сағатының (машина-сағат) құны — 2773 тенге. Инватакси қызметі тәулік бойы режимде, күндізгі және түнгі уақытта, сондай-ақ демалыс және мереке күндері көрсетіледі. 7.2. Қызметтерді көрсету мерзімі Қазынашылық органдарында шарт тіркелген күннен бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін жүзеге асырылады. 7.3. Есеп беру талаптары: Өнім беруші «Индер аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесіне төмендегі есептілік құжаттарын ұсынуға міндетті: • Инватакси қызметін алушылардың белгіленген 026-формасының көшірмелерін тапсыру. • Межелі пунктке жеткеннен кейін мүгедектігі бар адам инватакси жүргізушісінің бағыттық парағына (маршруттық парағына) қол қояды (дене функцияларының бұзылуына байланысты өз бетінше қол қою мүмкіндігі болмаған жағдайда, бағыттық параққа сүйемелдеуші адам қол қояды). Барлық ұсынылатын өтінімдер, маршруттық парақтар және өзге де есептік/растаушы құжаттар Қағидада көрсетілген №1, №2, №3 және №4 қосымшаларда белгіленген талаптар мен нысандарға қатаң сәйкес толық рәсімделуі тиіс. • Өнім беруші атқарған жұмысы жөніндегі есебін, атқарылған жұмыстардың актісін, сондай-ақ инватаксидің орындалған жұмыстарын растайтын және мүгедектігі бар адамдардың (немесе оларды сүйемелдеуші тұлғалардың) қолдары қойылған маршруттық парақтарды әр айдың 5-іне дейінгі мерзімде ұсынады. Қажет болған жағдайда немесе Тапсырыс берушінің талабы бойынша жүргізушілердің рейс алдындағы міндетті медициналық қарап-тексеру журналын ұсыну. • Өнім беруші есептілік құжаттарын толық топтамасымен тапсырғаннан кейін, Тапсырыс беруші оларды егжей-тегжейлі тексеріп болған соң ғана 10 (он) жұмыс күні ішінде қабылдайды. 8. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ 8.1. Мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіздік талаптарының толық сақталуы қамтамасыз етілуі тиіс. Егер мүгедектігі бар адамды тасымалдау кезінде тасымалдаушы ұйымға қарасты автокөлік жүргізушісінің кінәсінен жол-көлік оқиғасы орын алған жағдайда, мүгедектігі бар адамға келтірілген барлық залал мен материалдық шығын ұйым тарапынан толық көлемде өтелуі тиіс. Қызмет көрсетуші ұйым барлық автокөліктеріне және қызмет алушыларға қатысты міндетті сақтандыру полисін жасақтауды қамтамасыз етуге міндетті. 8.2. Орындаушы бөлінген қаражаттың мақсатты және тиімді жұмсалуы үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес толық жауапкершілік көтереді. 8.3. Тапсырыс беруші мүгедектігі бар адамдарға көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылауға, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсетуді ұйымдастыру және оның сапасы бойынша өнім берушіге қатысты тексерулер жүргізуге құқылы. 8.4. Инватакси қызметін көрсетуші ұйымның атына түскен арыздар мен шағымдар ұйым тарапынан уақтылы қаралып, тиісті жауап берілуі тиіс. Егер арыз-шағымдар қанағаттандырылмаған жағдайда, Тапсырыс беруші бөлімі тарапынан қолданыстағы заңнама мен шарт талаптарының аясында тиісті шаралар қолданылады. 8.5. Мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау саласында жаңадан нормативтік құқықтық актілер қабылданған немесе қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізілген жағдайда, шарт мерзімінен бұрын бұзылуы немесе қайта қаралуы мүмкін.

Қызмет көрсету жағдайына қойылатын талаптар:**	Мүгедектігі бар адамдарды автомобиль көлігімен тасымалдау жөніндегі қызметтер «Автомобиль көлігімен (инватакси) мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 1 қарашадағы № 859 бұйрығына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес жүзеге асырылады. 1. ҚЫЗМЕТТІҢ МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ АУМАҒЫ 1.1. Инватакси қызметтерін көрсетуге өтінімді қабылдау, мүгедектігі бар адамды қарсы алу, оны орналасқан жерінен инватаксиге дейін жеткізуге жәрдемдесу (еріп жүретін адам болмаған жағдайда), сондай-ақ қажет болған жағдайда отырғызуға/түсіруге, багажды тиеуге/түсіруге көмек көрсету, мүгедектігі бар адамды және оны еріп жүретін адамды (болған жағдайда) өтінімде көрсетілген межелі орынға дейін жеткізу кіреді. 1.2. Инватакси қызметтері Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2026 жылғы 3 қыркүйектегі № 102 «Мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балаларды инватаксимен тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету үшін медициналық көрсетілімдер тізбесін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес медициналық көрсетілімдері бар, Индер ауданында тұрақты тіркелген мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балаларға Атырау облысының аумағында көрсетіледі. 1.3. Медициналық көрсетілімдер тізбесі: • толық соқырлық; • түзетумен екі көзінің 0,03-ке дейін көру өткірлігі; • жай-күйі ауырлығының ауыр дәрежесіндегі вестибулярлық-мишықтық бұзылыстар; • жай-күйі ауырлығының ауыр дәрежесіндегі гиперкинетикалық-амиостатикалық синдром; • жай-күйі ауырлығының ауыр дәрежесіндегі паркинсонизм (акинетикалық-регидтік түрі); • жай-күйі ауырлығының ауыр дәрежесіндегі гемипарез, төменгі парапарез, трипарез, тетрапарез; • жай-күйі ауырлығының ауыр дәрежесіндегі гемиплегия, триплегия, параплегия, тетраплегия, диплегия; • жай-күйі ауырлығының ауыр дәрежесіндегі қанайналым және тыныс алу функцияларының бұзылыстары (III сатыдағы қанайналым жеткіліксіздігі, IV функциялық кластағы сәйкесінше стенокардияның коронарлық жеткіліксіздігі, II–III және III сатылардағы өкпе-жүрек функциясы жеткіліксіздігімен қосарласқан III сатыдағы тыныс алу жеткіліксіздігі және басқалар); • жай-күйі ауырлығының ауыр дәрежесіндегі несеп шығару жүйесі функциясының бұзылысы (диализ терапиясын алушылар); • III–IV дәрежедегі бұзын функцияларының бұзылысын қоса алғанда, жай-күйі ауырлығының ауыр дәрежесіндегі ағзаның статикалық-динамикалық функцияларының бұзылыстары; • протездеуге жатпайтын және жүріп-тұру құралдарын пайдалануды қиындататын екі қолдың ампутациялық тұқылдары; • протездеуге жатпайтын және жүріп-тұру құралдарын пайдалануда қиындататын екі қолдың туа біткен даму ауытқулары; • протездеуге жатпайтын екі санның ампутациялық тұқылдары; • протездеуге жатпайтын, қолдың айқын көрінетін функциялық бұзылыстарымен және жүріп-тұру құралдарын пайдалануды қиындататын екі сирақтың ампутациялық тұқылдары; • жүріп-тұрудың III (үшінші) дәрежедегі бұзылысымен жүретін аяқтардың туа біткен даму ауытқулары; • жүріп-тұру құралдарын пайдалануды қиындататын қолдарының айқын функциялық бұзылыстарымен қосарласқан, буындар функцияларының III–IV дәрежеде бұзылуымен сипатталатын екі жамбас-сан немесе тізе буындарының шорбуындары (анкилоздары), контрактуралары); • зарды өкілінің сүйемелдеуіне мұқтаж, ауыр мінез-құлық бұзылыстары бар психикалық аурулар; • жай-күйі ауырлығының ауыр дәрежесімен жүретін иммундық жүйенің туа біткен бұзылыстары бар адамдар. 1.4. Инватакси қызметтері бекітілген Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес инватакси қызметтерін ұсынуға арналған объектілер мен межелі пункттердің тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) сәйкес көрсетіледі: • мүгедектігі бар адамның жұмыс орны; • мүгедектігі бар адамның оқу орны; • жергілікті өкілді және атқарушы органдар; • сот, прокуратура органдары; • әлеуметтік инфрақұрылым объектілері; • заң консультациялары; • нотариустар; • медициналық мекемелер (жедел (шұғыл) медициналық көмек көрсету жағдайларын қоспағанда); • әуежайлар, теміржол вокзалдары, автовокзалдар, теңіз және өзен порттары; • арнайы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар; • мүгедектігі бар адамдардың қажеттіліктері үшін массаж қызметтерін көрсететін ұйымдар. 1.5. Инватакси қызметі қатаң түрде жоғарыда аталған объектілер мен межелі пункттер бойынша көрсетіледі және Инватакси қызметін жүзеге асырушы ұйым автокөліктерді тек мақсатты түрде пайдалануға міндетті. Инватакси қызметін көрсетуге арналған объектілер мен межелі пункттер Атырау облысының аумағында орналасуы мүмкін. 2. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУШІ ҰЙЫМҒА (ӨНІМ БЕРУШІГЕ) ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР 2.1. Қызмет көрсетуші ұйым және қызмет көрсетуге пайдаланылатын автокөлік құралдарын қызметтер нақты көрсетілетін өңірде орналасуы тиіс. Өнім беруші ұйымның инватакси автокөліктерін Атырау облысының басқа да аудандары аумағында пайдалануға шектеулер болмауы тиіс. 2.2. Мүгедектігі бар адамдарды инватаксимен тасымалдау бойынша қызметтерді мынадай талаптарға сай келетін ұйым (өнім беруші) көрсетеді: • жергілікті атқарушы органға таксимен тасымалдаушы ретінде қызметінің басталғаны туралы хабарлама берген; • тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан; • иелігінде (меншік немесе жалға алу құқығында) қажетті инватакси автокөліктері бар; • қызмет көрсету үшін қажетті персоналдың жұмыс істеуіне тиісті жағдай жасаған; • мүгедектігі бар адамдардан өтінімдерді қабылдауға арналған және диспетчерлік қызметі бар. 2.3. Диспетчерлік қызмет өтінімдерді қабылдау үшін (ұялы байланысты қоса алғанда) кемінде 2 (екі) телефон нөмірімен, сондай-ақ көрсетілетін қызметтердің сапасы мен санын бақылау мақсатында Интернет желісі арқылы телефон келіссөздерін жазу мүмкіндігін қамтамасыз ететін құрылғымен жарақтандырылуы тиіс. Көрсетілетін қызметтердің сапасы мен санын бақылау мақсатында диспетчерлік қызметте телефон арқылы сөйлесулерді аудиожазбамен қамтамасыз ететін арнайы құрылғы болуы тиіс. 2.4. Өнім беруші ұйым мүгедектігі бар адамдарға инватакси қызметтерінің, өз гимараттары мен құрылыс жайларының (бар болған жағдайда), сондай-ақ көрсетілетін қызметтер жөніндегі ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ету және қызмет көрсету барысында қажетті ыңғайлылықтар мен жағдайлар жасауға міндетті. 2.5. Өнім беруші инватакси жүргізушілерін рейс алдындағы міндетті медициналық куәландырудан (қарап-тексеруден), сондай-ақ автокөлік құралдарын рейс алдындағы техникалық тексеруден өткізуді қамтамасыз етуге міндетті. 2.6. Мүгедектігі бар адамдарды тасымалдауды автокөлік құралдарын басқару өтілі кемінде 3 (үш) жыл және мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсету ерекшеліктері бойынша оқытудан (инструктажбен) өткен жүргізушілер жүзеге асыруы тиіс. 2.7. Диспетчерлер мен жүргізушілер қызмет көрсету барысында көсіби этика мен мінез-құлық нормаларын қатаң сақтауға міндетті. Жүргізушы автокөлік салонында қалып қойған немесе ұмытылған мүгедектігі бар адамдардың заттарының сақталуына жауап бермейді. 2.8. Аталған жобаны сапалы жүзеге асыру үшін өнім беруші ұйымның нақты егжей-тегжейлі жұмыс жоспары болуы тиіс. 3. АВТОКӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫНА ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІККЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР 3.1. Өнім берушіде мүгедектігі бар адамдарды тасымалдауға арналған кемінде 6 (алты) автокөлік құралы, оның ішінде кресло-арбамен тасымалдауға арнайы бейімделген кемінде 1 (бір) инватакси болуы тиіс. 3.2. Өнім берушіде мүгедектігі бар адамдарды, оның ішінде кресло-арбаны пайдаланатын мүгедектігі бар адамдарды тасымалдауға арнайы бейімделген, «Жолаушылар такси тасымалдары бойынша автокөлік қызметтері» ҚР СТ 2272-2024 Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты талаптарына сәйкес келетін жеңіл автокөлік құралдарының болуы тиіс. 3.3. Инватакси автокөліктерінің алдыңғы және артқы бөліктерінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 534 бұйрығымен бекітілген «Жол жүрісі қағидаларын, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы» ережеһін 1-қосымшасына сәйкес (7.17-тармағында көрсетілген жол белгісінің нышаны бейнеленген) төртбұрыш түріндегі «Мүгедектігі бар адам» тану белгілері болуы тиіс. 3.4. Кресло-арбаларды пайдаланатын және (немесе) өз бетінше қозғалу мүмкіндігі жоқ мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау үшін отырғызуға және түсіруге арналған арнайы гидравликалық немесе жылжымалы (ашылатын) құрылғымен, сондай-ақ кресло-арбаларды бекітуге арналған құралдармен жарақтандырылған автокөлік пайдаланылуы тиіс. 3.5. Өз бетінше жүріп-тұру мүмкіндігі бар және кресло-арбаларды пайдаланбайтын мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау үшін отырғызуға және түсіруге арналған арнайы гидравликалық немесе жылжымалы (ашылатын) құрылғымен, сондай-ақ кресло-арбаларды бекіту құралдарымен жарақтандырылған автокөлік құралдарын пайдалануға жол беріледі. 3.6. 12 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларды автокөлік конструкциясында көзделген қауіпсіздік белдіктерінің көмегімен баланы бекітуге мүмкіндік беретін арнайы балаларды ұстау құрылғысы немесе өзге де құралдар болмаған кезде, ал арнайы балаларды ұстау құрылғысы болмаған жағдайда инватаксидің алдыңғы орындығында тасымалдауға жол беріледі. Мүгедектігі бар балаларды автомобиль транспортымен тасымалдау кезінде олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін автокөлікке арнайы балалар ұстау құрылғысын (балалар қауіпсіздік орындығын / автокреслоны) орнату міндетті болып табылады. 3.7. Автокөлікте климат бақылау (климат-контроль/кондиционер) жүйесінің болуы және оның ақаусыз жұмыс істейтінін растайтын тиісті техникалық тексерудан (диагностикадан) өткені туралы құжатының болуы шарт. 3.8. Мүгедектігі бар адамдардың және қызмет көрсетуші ұйымның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында автокөліктерде аудиожазба құрылғылары (бейне/аудиотіркегіштер) орнатылуы тиіс. 3.9. Қызмет берушінің көлік құралдарында техникалық ақаулар немесе бұзылулар туындаған жағдайда, көрсетілетін қызметтің үзіліуіне жол бермеу мақсатында жеделдетілген түрде оның орнына резервтік (қосалқы) көлік құралы ұсынылуы міндеттеледі. 4. ҚЫЗМЕТ ТАПСЫРЫС БЕРУ ЖӘНЕ КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ 4.1. Мүгедектігі бар адамдар инватакси қызметін алуға өтінімді жоспарланған сапар күніне дейін (бір күн бұрын) инватакси қызметін көрсететін ұйымға телефон байланысы немесе «WhatsApp» мессенджері арқылы береді. Өтінімдерді қабылдау уақыты сағат 09:00-ден 18:30-ға дейін (жергілікті уақыт бойынша) белгіленеді. 4.2. Сенбі, жексенбі және мереке күндері келетін сапарларға өтінімдерді қабылдауды және кестені қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін өнім беруші тарапынан тиісті мамандардың жұмысы ұйымдастырылуы тиіс. Тәуліктің кешкі және түнгі уақытында, сондай-ақ демалыс және мереке күндері мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балалардың жол жүру жөніндегі өтінімдерін жедел орындау үшін кезекші инватакси көліктерінің болуы қамтамасыз етілуі тиіс. 4.3. Өтінімді (тапсырысты) беру кезінде мүгедектігі бар адам мынадай мәліметтерді хабарлайды: • тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда); • сапардың күні мен уақыты; • белгіленген пункттің (межелі орынның) нақты мекенжайы; • мүгедектігі бар адаммен және (немесе) оның заңды өкілімен байланысуға арналған телефон нөмірі; • өзге де қосымша ақпарат (жолаушылар саны, багаж көлемі, мүгедектігі бар адамның денсаулық жағдайының ерекшеліктері, сондай-ақ пойыздың, автобустың немесе әуе кемесінің келу/кету уақыты). 4.4. Диспетчер инватакси бағытын (маршрутын) қалыптастыру кезінде өтінім уақытына түсетін өзге өтінімдерді ескере отырып, мүгедектігі бар адаммен алдын ала келіседі. Қызметтерді көрсету кезінде инватаксидің жүру бағыты бойынша бір мезгілде бірнеше мүгедектігі бар адамның өтінімін бірге орындауға (топтық сапарды ұйымдастыруға) жол беріледі. 4.5. Өтінімнен бас тартқан (алып тастаған) жағдайда мүгедектігі бар адам бұл туралы тапсырыстың белгіленген уақытына дейін кемінде 1 (бір) сағат бұрын диспетчерлік қызметке хабарлауға міндетті. Инватакси тапсырыс беру орнына келгені туралы хабарланғаннан кейін мүгедектігі бар адамды 20 (жиырма) минут күтеді. Егер мүгедектігі бар адам көрсетілген уақыт ішінде шықпаса, тапсырыс жойылады және өтінім орындалды деп есептеледі. 4.6. Жүру бағыты (маршрут) өзгеретін жағдайда мүгедектігі бар адам бұл туралы тапсырыстың белгіленген уақытына дейін кемінде 1 (бір) сағат бұрын диспетчерге телефон арқылы хабарлайды. Егер сапар мекенжайының өзгеруі бекітілген инватакси маршрутына сәйкес келмесе, диспетчер мүгедектігі бар адамға сапар мекенжайын өзгертуден бас тартады. 4.7. Мүгедектігі бар адам белгіленген уақыттан кешігетін болса, ол бұл туралы тапсырыс уақытына дейін кемінде 1 (бір) сағат бұрын диспетчерге хабарлауы тиіс. Диспетчер тапсырыс уақытын кейінге ауыстырады немесе бұл кешігу инватакси қызметін көрсетудің жалпы кестесін бұзатын болса, тапсырысты жояды. 4.8. Инватакси қызметтері жұмыс, оқу немесе мектепке дейінгі ұйымның жұмыс кестесіне сәйкес мүгедектігі бар адамдар болып табылатын жұмыс істеушілерге, білім алушыларға және мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиеленушілеріне бірінші кезекте ұсынылады. Мүгедектігі бар өзге адамдарға инватакси қызметтері олардың жүгіну кезегіне қарай көрсетіледі. 4.9. Инватакси салонында Тасымалдау қағидаларына сәйкес мүгедектігі бар адам алатын бір орынға багаж алып жүруге рұқсат етіледі. Мүгедектігі бар адамның өтініші бойынша жиектастардан (бордюр), сатылардан, баспалдақтардан және басқа да кедергілерден өтуге көмек көрсету жүргізушінің келісімімен ғана жүзеге асырылады. 5. СҮЙЕМЕЛДЕУ ТАЛАПТАРЫ МЕН ШЕКТЕУЛЕР 5.1. Қағиданың 23-тармағына сәйкес инватаксимен тасымалдау қызметін алуға медициналық көрсетілімдері бар мүгедектігі бар адамды сапар барысында бір адам сүйемелдейді. 5.2. Мүгедектігі бар адамды инватаксимен тасымалдауға тек сүйемелдеуші адам болған кезде мынадай жағдайларда жол беріледі: • өз бетінше жүріп-тұру мүмкіндігі болмағанда, оның ішінде арнайы жүріп-тұру құралдарын пайдаланған кезде; • мүгедектігі бар балаларды олардың заңды өкілдерінің сүйемелдеуімен тасымалдау бойынша қызметтер көрсетілгенде; • 18 жастағы және одан үлкен мүгедектігі бар адамдарды олардың жеке көмекшісі немесе заңды өкілі сүйемелдегенде. 5.3. Мүгедектігі бар адамды тасымалдау кезінде онымен бірге 14 жасқа дейінгі баласын тасымалдауға жол беріледі. (Мүгедектігі бар адаммен бірге 14 жасқа дейінгі баланы тасымалдауға тек мүгедектігі бар адамның өзіне тізбеге сәйкес бекітілген межелі пункттке баратын сапары кезінде қосымша ілесіп жүруі үшін ғана жол беріледі. Инватакси қызметін мүгедектігі бар адамның 14 жасқа дейінгі баласын мектепке, мектепке дейінгі ұйымдарға, қосымша білім беру (үйірмелер, секциялар) ұйымдарына жеткізу және алып қайту мақсатында пайдалануға жол берілмейді). 5.4. Мүгедектігі бар адамдар немесе олардың заңды өкілдері инватаксимен тасымалдау қызметін алуға өтінім берген кезде, инватакси қызметін көрсететін ұйымға сүйемелдеуші адамның қажеттілігі бар немесе жоқ екендігі туралы хабарлайды. Қағиданың 23-тармағына сәйкес инватакси қызметін алуға медициналық көрсетілімдері жоқ және (немесе) сүйемелдеуші тұлға болып табылмайтын бөгде адамдарды инватаксимен тасымалдауға жол берілмейді. 5.5. Инватакси қызметін алушы мүгедектігі бар адам (немесе оның заңды өкілі) мен қызмет көрсетуші ұйым арасында қызмет көрсету шарты (өзара арнайы келісім) жасалуы тиіс. 6. ҚЫЗМЕТ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚҰЖАТТАРЫН ТІРКЕУ 6.1. Инватакси қызметін алу үшін өтініш беруші инватакси қызметін көрсететін ұйымға мынадай құжаттарды ұсынады: • сүйемелдеуші адамның қажеттілігі бар немесе жоқ екендігі туралы ақпаратты көрсете отырып, ерікін нысандағы өтініш; • жеке басын куәландыратын құжат немесе туу туралы куәлік; • «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) мүгедектігі бар адамдарға инватакси қызметтерін ұсыну үшін 026/е нысаны бойынша дәрігерлік-консультациялық комиссияның қолданыстағы қорытындысы (бұдан әрі – ДКК қорытындысы); • «Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32922 болып тіркелген) 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мүгедектік туралы анықтама. 6.2. Осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттар салыстыру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, салыстырып тексерілгеннен кейін құжаттардың түпнұсқалары мүгедектігі бар адамға қайтарылады. Цифрлық құжаттар сервисі арқылы пайдаланылатын және жеке әрі заңды тұлғаларға ұсынылатын жеке басты куәландыратын электрондық құжаттар қағаз жеткізгіштегі құжаттармен тең. 6.3. Өтініш беруші Қағиданың 55-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен мәліметтерді (құжаттарды) ұсынған жағдайда, инватакси қызметін көрсететін ұйым өтінішті қабылдаудан бас тартады және бұл туралы өтінішті берушіге хабарлайды. Қағидалардың 55-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасы толық әрі сәйкес болған кезде, инватакси қызметін көрсететін ұйым өтінішті келіп түсу кезегіне қарай тіркейді. 7. ҚАРЖЫЛЫҚ ШАРТТАР, МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРУ ТАЛАПТАРЫ 7.1. Автомобиль көлігімен тасымалдау қызметтеріне ақы төлеу автомобиль көлігінің нақты жұмыс уақытына негізделеді және машина-сағатпен (сағатпен) өлшенеді. Автокөлік құралының 1 (бір) сағатының (машина-сағат) құны — 2773 теңге. Инватакси қызметі тәулік бойы режимде, күндізгі және түнгі уақытта, сондай-ақ демалыс және мереке күндері көрсетіледі. 7.2. Қызметтерді көрсету мерзімі Қазынашылық органдарында шарт тіркелген күннен бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін жүзеге асырылады. 7.3. Есеп беру талаптары: Өнім беруші «Индер ауданды жұмыспен камту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесіне төмендегі есептілік құжаттарын ұсынуға міндетті: • Инватакси қызметін алушылардың белгіленген 026-формасының көшірмелерін тапсыру. • Межелі пунктке жеткеннен кейін мүгедектігі бар адам инватакси жүргізушісінің бағыттық парағына (маршруттық парағына) қол қояды (дене функцияларының бұзылуына байланысты өз бетінше қол қою мүмкіндігі болмаған жағдайда, бағыттық парақта сүйемелдеуші адам қол қояды). Барлық сұнылатын өтінімдер, маршруттық парақтар және өзге де есептік/растаушы құжаттар Қағидада көрсетілген №1, №2, №3 және №4 қосымшаларда белгіленген талаптар мен нысандарға қатаң сәйкес толық рәсімделуі тиіс. • Өнім беруші атқарған жұмысы жөніндегі есебін, атқарылған жұмыстардың актісін, сондай-ақ инватаксидің орындалған жұмыстарын растайтын және мүгедектігі бар адамдардың (немесе оларды сүйемелдеуші тұлғалардың) қолдары қойылған маршруттық парақтарды әр айдың 5-іне дейінгі мерзімде ұсынады. Қажет болған жағдайда немесе Тапсырыс берушінің талабы бойынша жүргізушілердің рейс алдындағы міндетті медициналық қарап-тексеру журналын ұсыну. • Өнім беруші есептілік құжаттарын толық топтамасымен тапсырғаннан кейін, Тапсырыс беруші оларды егжей-тегжейлі тексеріп болған соң ғана 10 (он) жұмыс күні ішінде қабылдайды. 8. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ 8.1. Мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіздік талаптарының толық сақталуы қамтамасыз етілуі тиіс. Егер мүгедектігі бар адамды тасымалдау кезінде тасымалдаушы ұйымға қарсты автокөлік жүргізушісінің кінәсінен жол-көлік оқиғасы орын алған жағдайда, мүгедектігі бар адамға келтірілген барлық залал мен материалдық шығын ұйым тарапынан толық көлемде өтелуі тиіс. Қызмет көрсетуші ұйым барлық автокөліктерінде және қызмет алушыларға қатысты міндетті сақтандыру полисін жасақтауды қамтамасыз етуге міндетті. 8.2. Орындаушы бөлігінен қаржаттың мақсатты және тиімді жұмсалуы үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес толық жауапкершілік көтереді. 8.3. Тапсырыс беруші мүгедектігі бар адамдарға көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылауға, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсетуді ұйымдастыру және оның сапасы бойынша өнім берушіге қатысты тексерулер жүргізуге құқылы. 8.4. Инватакси қызметін көрсетуші ұйымның атына түскен арыздар мен шағымдар ұйым тарапынан уақтылы қаралып, тиісті жауап берілуі тиіс. Егер арыз-шағымдар қанағаттандырылмаған жағдайда, Тапсырыс беруші бөлімі тарапынан қолданыстағы заңнама мен шарт талаптарының аясында тиісті шаралар қолданылады. 8.5. Мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау саласында жаңадан нормативтік құқықтық актілер қабылданған немесе қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізілген жағдайда, шарт мерзімінен бұрын бұзылуы немесе қайта қаралуы мүмкін.

Қызметтің мазмұнына қойылатын талаптар:	Мүгедектігі бар адамдарды автомобиль көлігімен тасымалдау жөніндегі қызметтер «Автомобиль көлігімен (инватакси) мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 1 қарашадағы № 859 бұйрығына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес жүзеге асырылады. 1. ҚЫЗМЕТТІҢ МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ АУМАҒЫ 1.1. Инватакси қызметтерін көрсетуге өтінімді қабылдау, мүгедектігі бар адамды қарсы алу, оны орналасқан жерінен инватаксиге дейін жеткізуге жәрдемдесу (еріп жүретін адам болмаған жағдайда), сондай-ақ қажет болған жағдайда отырғызуға/түсіруге, багажды тиеуге/түсіруге көмек көрсету, мүгедектігі бар адамды және оны еріп жүретін адамды (болған жағдайда) өтінімде көрсетілген межелі орынға дейін жеткізу кіреді. 1.2. Инватакси қызметтері Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2026 жылғы 3 қыркүйектегі № 102 «Мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балаларды инватаксимен тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету үшін медициналық көрсетілімдер тізбесін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес медициналық көрсетілімдері бар, Индер ауданында тұрақты тіркелген мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балаларға Атырау облысының аумағында көрсетіледі. 1.3. Медициналық көрсетілімдер тізбесі: • толық соқырлық; • түзетумен екі көзінің 0,03-ке дейін көру өткірлігі; • жай-күйі ауырлығының ауыр дәрежесіндегі вестибулярлық-мишықтық бұзылыстар; • жай-күйі ауырлығының ауыр дәрежесіндегі гиперкинетикалық-амиостатикалық синдром; • жай-күйі ауырлығының ауыр дәрежесіндегі паркинсонизм (акинетикалық-регидтік түрі); • жай-күйі ауырлығының ауыр дәрежесіндегі гемипарез, төменгі парапарез, трипарез, тетрапарез; • жай-күйі ауырлығының ауыр дәрежесіндегі гемиплегия, триплегия, параплегия, тетраплегия, диплегия; • жай-күйі ауырлығының ауыр дәрежесіндегі қанайналым және тыныс алу функцияларының бұзылыстары (III сатыдағы қанайналым жеткіліксіздігі, IV функциялық класты сәйкесінше стенокардияның коронарлық жеткіліксіздігі, II–III және III сатылардағы өкпе-жүрек функциясы жеткіліксіздігімен қосарласқан III сатыдағы тыныс алу жеткіліксіздігі және басқалар); • жай-күйі ауырлығының ауыр дәрежесіндегі несеп шығару жүйесі функциясының бұзылысы (диализ терапиясын алушылар); • III–IV дәрежедегі бұзын функцияларының бұзылысын қоса алғанда, жай-күйі ауырлығының ауыр дәрежесіндегі ағзаның статикалық-динамикалық функцияларының бұзылыстары; • протездеуге жатпайтын және жүріп-тұру құралдарын пайдалануды қиындататын екі қолдың ампутациялық тұқылдары; • протездеуге жатпайтын және жүріп-тұру құралдарын пайдалануда қиындататын екі қолдың туа біткен даму ауытқулары; • протездеуге жатпайтын екі санның ампутациялық тұқылдары; • протездеуге жатпайтын, қолдың айқын көрінетін функциялық бұзылыстарымен және жүріп-тұру құралдарын пайдалануды қиындататын екі сирақтың ампутациялық тұқылдары; • жүріп-тұрудың III (үшінші) дәрежедегі бұзылысымен жүретін аяқтардың туа біткен даму ауытқулары; • жүріп-тұру құралдарын пайдалануды қиындататын қолдарының айқын функциялық бұзылыстарымен қосарласқан, буындар функцияларының III–IV дәрежеде бұзылуымен сипатталатын екі жамбас-сан немесе тізе буындарының шорбуындары (анкилоздары), контрактуралары; • зарды өкілінің сүйемелдеуіне мұқтаж, ауыр мінез-құлық бұзылыстары бар психикалық аурулар; • жай-күйі ауырлығының ауыр дәрежесімен жүретін иммундық жүйенің туа біткен бұзылыстары бар адамдар. 1.4. Инватакси қызметтері бекітілген Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес инватакси қызметтерін ұсынуға арналған объектілер мен межелі пункттердің тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) сәйкес көрсетіледі: • мүгедектігі бар адамның жұмыс орны; • мүгедектігі бар адамның оқу орны; • жергілікті өкілді және атқарушы органдар; • сот, прокуратура органдары; • әлеуметтік инфрақұрылым объектілері; • заң консультациялары; • нотариустар; • медициналық мекемелер (жедел (шұғыл) медициналық көмек көрсету жағдайларын қоспағанда); • әуежайлар, теміржол вокзалдары, автовокзалдар, теңіз және өзен порттары; • арнайы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар; • мүгедектігі бар адамдардың қажеттіліктері үшін массаж қызметтерін көрсететін ұйымдар. 1.5. Инватакси қызметі қатаң түрде жоғарыда аталған объектілер мен межелі пункттер бойынша көрсетіледі және Инватакси қызметін жүзеге асырушы ұйым автокөліктерді тек мақсатты түрде пайдалануға міндетті. Инватакси қызметін көрсетуге арналған объектілер мен межелі пункттер Атырау облысының аумағында орналасуы мүмкін. 2. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУШІ ҰЙЫМҒА (ӨНІМ БЕРУШІГЕ) ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР 2.1. Қызмет көрсетуші ұйым және қызмет көрсетуге пайдаланылатын автокөлік құралдары қызметтер нақты көрсетілетін өңірде орналасуы тиіс. Өнім беруші ұйымның инватакси автокөліктерін Атырау облысының басқа да аудандары аумағында пайдалануға шектеулер болмауы тиіс. 2.2. Мүгедектігі бар адамдарды инватаксимен тасымалдау бойынша қызметтерді мынадай талаптарға сай келетін ұйым (өнім беруші) көрсетеді: • жергілікті атқарушы органға таксимен тасымалдаушы ретінде қызметінің басталғаны туралы хабарлама берген; • тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан; • иелігінде (меншік немесе жалға алу құқығында) қажетті инватакси автокөліктері бар; • қызмет көрсету үшін қажетті персоналдың жұмыс істеуіне тиісті жағдай жасаған; • мүгедектігі бар адамдардан өтінімдерді қабылдауға арналған және диспетчерлік қызметі бар. 2.3. Диспетчерлік қызмет өтінімдерді қабылдау үшін (ұялы байланысты қоса алғанда) кемінде 2 (екі) телефон нөмірімен, сондай-ақ көрсетілетін қызметтердің сапасы мен санын бақылау мақсатында Интернет желісі арқылы телефон келіссөздерін жазу мүмкіндігін қамтамасыз ететін құрылғымен жарақтандырылуы тиіс. Көрсетілетін қызметтердің сапасы мен санын бақылау мақсатында диспетчерлік қызметте телефон арқылы сөйлесулерді аудиожазбамен қамтамасыз ететін арнайы құрылғы болуы тиіс. 2.4. Өнім беруші ұйым мүгедектігі бар адамдарға инватакси қызметтерінің, өз гимараттары мен құрылыс жайларының (бар болған жағдайда), сондай-ақ көрсетілетін қызметтер жөніндегі ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз етуге және қызмет көрсету барысында қажетті ынғайлылықтар мен жағдайлар жасауға міндетті. 2.5. Өнім беруші инватакси жүргізушілерін рейс алдындағы міндетті медициналық куәландырудан (қарап-тексеруден), сондай-ақ автокөлік құралдарын рейс алдындағы техникалық тексеруден өткізуді қамтамасыз етуге міндетті. 2.6. Мүгедектігі бар адамдарды тасымалдауды автокөлік құралдарын басқару өтілі кемінде 3 (үш) жыл және мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсету ерекшеліктері бойынша оқытудан (инструктажбен) өткен жүргізушілер жүзеге асыруы тиіс. 2.7. Диспетчерлер мен жүргізушілер қызмет көрсету барысында көсіби этика мен мінез-құлық нормаларын қатаң сақтауға міндетті. Жүргізушi автокөлік салонында қалып қойған немесе ұмытылған мүгедектігі бар адамдардың заттарының сақталуына жауап бермейді. 2.8. Аталған жобаны сапалы жүзеге асыру үшін өнім беруші ұйымның нақты егжей-тегжейлі жұмыс жоспары болуы тиіс. 3. АВТОКӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫНА ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІККЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР 3.1. Өнім берушіде мүгедектігі бар адамдарды тасымалдауға арналған кемінде 6 (алты) автокөлік құралы, оның ішінде кресло-арбамен тасымалдауға арнайы бейімделген кемінде 1 (бір) инватакси болуы тиіс. 3.2. Өнім берушіде мүгедектігі бар адамдарды, оның ішінде кресло-арбаны пайдаланатын мүгедектігі бар адамдарды тасымалдауға арнайы бейімделген, «Жолаушылар такси тасымалдары бойынша автокөлік қызметтері» ҚР СТ 2272-2024 Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты талаптарына сәйкес келетін жеңіл автокөлік құралдарының болуы тиіс. 3.3. Инватакси автокөліктерінің алдыңғы және артқы бөліктерінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 534 бұйрығымен бекітілген «Жол жүрісі қағидаларын, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы» ережесінің 1-қосымшасына сәйкес (7.17-тармағында көрсетілген жол белгісінің нышаны бейнеленген) төртбұрыш түріндегі «Мүгедектігі бар адам» тану белгілері болуы тиіс. 3.4. Кресло-арбаларды пайдаланатын және (немесе) өз бетінше қозғалу мүмкіндігі жоқ мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау үшін отырғызуға және түсіруге арналған арнайы гидравликалық немесе жылжымалы (ашылатын) құрылғымен, сондай-ақ кресло-арбаларды бекітуге арналған құралдармен жарақтандырылған автокөлік пайдаланылуы тиіс. 3.5. Өз бетінше жүріп-тұру мүмкіндігі бар және кресло-арбаларды пайдаланбайтын мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау үшін отырғызуға және түсіруге арналған арнайы гидравликалық немесе жылжымалы (ашылатын) құрылғымен, сондай-ақ кресло-арбаларды бекіту құралдарымен жарақтандырылмаған автокөлік құралдарын пайдалануға жол берілмейді. 3.6. 12 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларды автокөлік конструкциясында көзделген қауіпсіздік белдіктерінің көмегімен баланы бекітуге мүмкіндік беретін арнайы балаларды ұстау құрылғысы немесе өзге де құралдар болмаған кезде, ал арнайы балаларды ұстау құрылғысы болмаған жағдайда инватакси автокөлігінің алдыңғы орындығында тасымалдауға жол берілмейді. Мүгедектігі бар балаларды автомобиль транспортымен тасымалдау кезінде олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін автокөлікке арнайы балалар ұстау құрылғысын (балалар қауіпсіздік орындығын / автокреслоны) орнату міндетті болып табылады. 3.7. Автокөлікте климат бақылау (климат-контроль/кондиционер) жүйесінің болуы және оның ақаусыз жұмыс істейтінін растайтын тиісті техникалық тексеруден (диагностикадан) өткені туралы құжатының болуы шарт. 3.8. Мүгедектігі бар адамдардың және қызмет көрсетуші ұйымның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында автокөліктерде аудиожазба құрылғылары (бейне/аудиотіркегіштер) орнатылуы тиіс. 3.9. Қызмет берушінің көлік құралдарында техникалық ақаулар немесе бұзылулар туындаған жағдайда, көрсетілетін қызметтің үзіліуіне жол бермеу мақсатында жеделдетілген түрде оның орнына резервтік (қосалқы) көлік құралы ұсынылуы міндеттеледі. 4. ҚЫЗМЕТ ТАПСЫРЫС БЕРУ ЖӘНЕ КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ 4.1. Мүгедектігі бар адамдар инватакси қызметін алуға өтінімді жоспарланған сапар күніне дейін (бір күн бұрын) инватакси қызметін көрсететін ұйымға телефон байланысы немесе «WhatsApp» мессенджері арқылы береді. Өтінімдерді қабылдау уақыты сағат 09:00-ден 18:30-ға дейін (жергілікті уақыт бойынша) белгіленеді. 4.2. Сенбі, жексенбі және мереке күндері келетін сапарларға өтінімдерді қабылдауды және кестені қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін өнім беруші тарапынан тиісті мамандардың жұмысы ұйымдастырылуы тиіс. Тәуліктің кешкі және түнгі уақытында, сондай-ақ демалыс және мереке күндері мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балалардың жол жүру жөніндегі өтінімдерін жедел орындау үшін кезекші инватакси көліктерінің болуы қамтамасыз етілуі тиіс. 4.3. Өтінімді (тапсырысты) бергі кезінде мүгедектігі бар адам мынадай мәліметтерді хабарлайды: • тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда); • сапардың күні мен уақыты; • белгіленген пункттің (мекені орынның) нақты мекенжайы; • мүгедектігі бар адамның және (немесе) оның заңды өкілімен байланысуға арналған телефон нөмірі; • өзге де қосымша ақпарат (жолаушылар саны, багаж көлемі, мүгедектігі бар адамның денсаулық жағдайының ерекшеліктері, сондай-ақ пойыздың, автобустың немесе әуе кемесінің келу/кету уақыты). 4.4. Диспетчер инватакси бағытын (маршрутын) қалыптастыру кезінде өтінім уақытына түзетулер енгізуге құқылы және оны мүгедектігі бар адаммен алдын ала келіседі. Қызметтерді көрсету кезінде инватаксидің жүру бағыты бойынша бір мезгілде бірнеше мүгедектігі бар адамның өтінімін бірге орындауға (топтық сапарды ұйымдастыруға) жол беріледі. 4.5. Өтінімнен бас тартқан (алып тастаған) жағдайда мүгедектігі бар адам бұл туралы тапсырыстың белгіленген уақытына дейін кемінде 1 (бір) сағат бұрын диспетчерлік қызметке хабарлауға міндетті. Инватакси тапсырыс беру орнына келгені туралы хабарланғаннан кейін мүгедектігі бар адамды 20 (жиырма) минут күтеді. Егер мүгедектігі бар адам көрсетілген уақыт ішінде шықпаса, тапсырыс жойылады және өтінім орындалды деп есептеледі. 4.6. Жүру бағыты (маршрут) өзгеретін жағдайда мүгедектігі бар адам бұл туралы тапсырыстың белгіленген уақытына дейін кемінде 1 (бір) сағат бұрын диспетчерге телефон арқылы хабарлайды. Егер сапар мекенжайының өзгеруі бекітілген инватакси маршрутына сәйкес келмесе, диспетчер мүгедектігі бар адамға сапар мекенжайын өзгертуден бас тартады. 4.7. Мүгедектігі бар адам белгіленген уақыттан кешігетін болса, ол бұл туралы тапсырыс уақытына дейін кемінде 1 (бір) сағат бұрын диспетчерге хабарлауы тиіс. Диспетчер тапсырыс уақытын кейінге ауыстырады немесе бұл кешігу инватакси қызметін көрсетудің жалпы кестесін бұзатын болса, тапсырысты жояды. 4.8. Инватакси қызметтері жұмыс, оқу немесе мектепке дейінгі ұйымның жұмыс кестесіне сәйкес мүгедектігі бар адамдар болып табылатын жұмыс істеушілерге, білім алушыларға және мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиеленушілеріне бірінші кезекте ұсынылады. Мүгедектігі бар өзге адамдарға инватакси қызметтері олардың жүгіну кезегіне қарай көрсетіледі. 4.9. Инватакси салонында Тасымалдау қағидаларына сәйкес мүгедектігі бар адам алатын бір орынға багаж алып жүруге рұқсат етіледі. Мүгедектігі бар адамның өтініші бойынша жиектастардан (бордюр), сатылардан, баспалдақтардан және басқа да кедергілерден өтуге көмек көрсету жүргізушінің келісімімен ғана жүзеге асырылады. 5. СҮЙЕМЕЛДЕУ ТАЛАПТАРЫ МЕН ШЕКТЕУЛЕР 5.1. Қағиданың 23-тармағына сәйкес инватаксимен тасымалдау қызметін алуға медициналық көрсетілімдері бар мүгедектігі бар адамды сапар барысында бір адам сүйемелдейді. 5.2. Мүгедектігі бар адамды инватаксимен тасымалдауға тек сүйемелдеуші адам болған кезде мынадай жағдайларда жол беріледі: • өз бетінше жүріп-тұру мүмкіндігі болмағанда, оның ішінде арнайы жүріп-тұру құралдарын пайдаланған кезде; • мүгедектігі бар балаларды олардың заңды өкілдерінің сүйемелдеуімен тасымалдау бойынша қызметтер көрсетілгенде; • 18 жастағы және одан үлкен мүгедектігі бар адамдарды олардың жеке көмекшісі немесе заңды өкілі сүйемелдегенде. 5.3. Мүгедектігі бар адамды тасымалдау кезінде онымен бірге 14 жасқа дейінгі баласын тасымалдауға жол беріледі. (Мүгедектігі бар адаммен бірге 14 жасқа дейінгі баланы тасымалдауға тек мүгедектігі бар адамның өзіне тізбеге сәйкес бекітілген межелі пункттке баратын сапары кезінде қосымша ілесіп жүруі үшін ғана жол беріледі. Инватакси қызметін мүгедектігі бар адамның 14 жасқа дейінгі баласын мектепке, мектепке дейінгі ұйымдарға, қосымша білім беру (үйірмелер, секциялар) ұйымдарына жеткізу және алып қайту мақсатында пайдалануға жол берілмейді). 5.4. Мүгедектігі бар адамдар немесе олардың заңды өкілдері инватаксимен тасымалдау қызметін алуға өтінім берген кезде, инватакси қызметін көрсететін ұйымға сүйемелдеуші адамның қажеттілігі бар немесе жоқ екендігі туралы хабарлайды. Қағиданың 23-тармағына сәйкес инватакси қызметін алуға медициналық көрсетілімдері жоқ және (немесе) сүйемелдеуші тұлға болып табылмайтын бөгде адамдарды инватаксимен тасымалдауға жол берілмейді. 5.5. Инватакси қызметін алушы мүгедектігі бар адам (немесе оның заңды өкілі) мен қызмет көрсетуші ұйым арасында қызмет көрсету шарты (өзара арнайы келісім) жасалуы тиіс. 6. ҚЫЗМЕТ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚҰЖАТТАРЫН ТІРКЕУ 6.1. Инватакси қызметін алу үшін өтініш беруші инватакси қызметін көрсететін ұйымға мынадай құжаттарды ұсынады: • сүйемелдеуші адамның қажеттілігі бар немесе жоқ екендігі туралы ақпаратты көрсете отырып, еркін нысандағы өтініш; • жеке басын куәландыратын құжат немесе туу туралы куәлік; • «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) мүгедектігі бар адамдарға инватакси қызметтерін ұсыну үшін 026/е нысаны бойынша дәрігерлік-консультациялық комиссияның қолданыстағы қорытындысы (бұдан әрі – ДКК қорытындысы); • «Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32922 болып тіркелген) 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мүгедектік туралы анықтама. 6.2. Осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттар салыстыру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, салыстырып тексерілгеннен кейін құжаттардың түпнұсқалары мүгедектігі бар адамға қайтарылады. Цифрлық құжаттар сервисі арқылы пайдаланылатын және жеке әрі заңды тұлғаларға ұсынылатын жеке басты куәландыратын электрондық құжаттар қағаз жеткізгіштегі құжаттармен тең. 6.3. Өтініш беруші Қағиданың 55-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен мәліметтерді (құжаттарды) ұсынған жағдайда, инватакси қызметін көрсететін ұйым өтінішті қабылдаудан бас тартады және бұл туралы өтінішті берушіге хабарлайды. Қағидалардың 55-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасы толық әрі сәйкес болған кезде, инватакси қызметін көрсететін ұйым өтінішті келіп түсу кезегіне қарай тіркейді. 7. ҚАРЖЫЛЫҚ ШАРТТАР, МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРУ ТАЛАПТАРЫ 7.1. Автомобиль көлігімен тасымалдау қызметтеріне ақы төлеу автомобиль көлігінің нақты жұмыс уақытына негізделеді және машина-сағатпен (сағатпен) өлшенеді. Автокөлік құралының 1 (бір) сағатының (машина-сағат) құны — 2773 теңге. Инватакси қызметі тәулік бойы режимде, күндізгі және түнгі уақытта, сондай-ақ демалыс және мереке күндері көрсетіледі. 7.2. Қызметтерді көрсету мерзімі Қазынашылық органдарында шарт тіркелген күннен бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін жүзеге асырылады. 7.3. Есеп беру талаптары: Өнім беруші «Индер ауданды жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесіне төмендегі есептілік құжаттарын ұсынуға міндетті: • Инватакси қызметін алушылардың белгіленген 026-формасының көшірмелерін тапсыру. • Межелі пункттке жеткеннен кейін мүгедектігі бар адам инватакси жүргізушісінің бағыттық парағына (маршруттық парағына) қол қояды (дене функцияларының бұзылуына байланысты өз бетінше қол қою мүмкіндігі болмаған жағдайда, бағыттық парақта суйемелдеуші адам қол қояды). Барлық ұсынылатын өтінімдер, маршруттық парақтар және өзге де есептік/растаушы құжаттар Қағидада көрсетілген №1, №2, №3 және №4 қосымшаларда белгіленген талаптар мен нысандарға қатаң сәйкес толық рәсімделуі тиіс. • Өнім беруші атқарған жұмысы жөніндегі есебін, атқарылған жұмыстардың актісін, сондай-ақ инватаксидің орындалған жұмыстарын растайтын және мүгедектігі бар адамдардың (немесе оларды сүйемелдеуші тұлғалардың) қолдары қойылған маршруттық парақтарды әр айдың 5-іне дейінгі мерзімде ұсынады. Қажет болған жағдайда немесе Тапсырыс берушінің талабы бойынша жүргізушілердің рейс алдындағы міндетті медициналық қарап-тексеру журналын ұсыну. • Өнім беруші есептілік құжаттарын толық топтамасымен тапсырғаннан кейін, Тапсырыс беруші оларды егжей-тегжейлі тексеріп болған соң ғана 10 (он) жұмыс күні ішінде қабылдайды. 8. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ 8.1. Мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіздік талаптарының толық сақталуы қамтамасыз етілуі тиіс. Егер мүгедектігі бар адамды тасымалдау кезінде тасымалдаушы ұйымға қарсты автокөлік жүргізушісінің кінәсінен жол-көлік оқиғасы орын алған жағдайда, мүгедектігі бар адамға келтірілген барлық залал мен материалдық шығын ұйым тарапынан толық көлемде өтелуі тиіс. Қызмет көрсетуші ұйым барлық автокөліктерінде және қызмет алушыларға қатысты міндетті сақтандыру полисін жасақтауды қамтамасыз етуге міндетті. 8.2. Орындаушы бөлігінен қаржаттың мақсатты және тиімді жұмсалуы үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес толық жауапкершілік көтереді. 8.3. Тапсырыс беруші мүгедектігі бар адамдарға көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылауға, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсетуді ұйымдастыру және оның сапасы бойынша өнім берушіге қатысты тексерулер жүргізуге құқылы. 8.4. Инватакси қызметін көрсетуші ұйымның атына түскен арыздар мен шағымдар ұйым тарапынан уақтылы қаралып, тиісті жауап берілуі тиіс. Егер арыз-шағымдар қанағаттандырылмаған жағдайда, Тапсырыс беруші бөлімі тарапынан қолданыстағы заңнама мен шарт талаптарының аясында тиісті шаралар қолданылады. 8.5. Мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау саласында жаңадан нормативтік құқықтық актілер қабылданған немесе қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізілген жағдайда, шарт мерзімінен бұрын бұзылуы немесе қайта қаралуы мүмкін.
Әлеуетті өнім берушіге оның жеңімпазы анықталған және онымен Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған жағдайда қойылатын талаптар (қажет болған кезде көрсетіледі) (әлеуетті өнім берушіні көрсетілген мәліметтерді көрсетпегені және ұсынбағаны үшін қабылдамауға жол берілмейді):	Есеп беру талаптары Көрсетілетін қызметті беруші «Индер ауданды жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі»коммуналдық мемлекеттік мекемесіне: 1. Жұмыстың орындалғаны туралы акт; 2. Инватакси қызметін алушылардың 026-формасының көшірмесі тапсырылуы қажет. 3. Көрсетілген қызметтер туралы есеп әр айдың 5-нен кешіктірілмей №1, №2 және №3 қосымшаларға сәйкес ұсынылуы тиіс. 4. Қажет болған жағдайда жүргізушілердің рейс алдындағы медициналық тексеріс журналы ұсынылуы тиіс.

* мәліметтер мемлекеттік сатып алу жоспарынан алынады (автоматты түрде көрсетіледі)

** Талаптар Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы № 19 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандарттарына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17314 болып тіркелген)

толтырылады.
Ескертпе:
1. Әрбір сипаттамалар, өлшемдер, бастапқы деректер және Орындаушыға қосымша шарттар жеке жолда көрсетіледі.
2. Техникалық ерекшелікте әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптарын белгілеуге жол берілмейді.
3. Өзге құжаттарда техникалық ерекшеліктің талаптарын белгілеуге жол берілмейді.

Приложение 16-1
к конкурсной документации

Техническая спецификация закупаемых услуг,предусмотренных государственным социальным заказом (заполняется заказчиком)

Наименование заказчика:	Коммунальное государственное учреждение "Отдел занятости и социальных программ Индерского района Атырауской области"
Наименование организатора:	Коммунальное государственное учреждение "Отдел занятости и социальных программ Индерского района Атырауской области"
№ конкурса:	№ 17954479-1
Наименование конкурса:	Оказания социальных услуг по перевозке инвалидов в рамках государственного социального заказа/
№ лота:	№ 88627178-ГС31
Наименование лота:	Услуги по организации/проведению мероприятий в рамках реализации государственного социального заказа
Наименование кода Единого номенклатурного справочника товаров, работ, услуг*:	841214.000.000000
Наименование услуги*:	Услуги по организации/проведению мероприятий в рамках реализации государственного социального заказа
Единица измерения*:	Одна услуга
Количество (объем)*:	1
Цена за единицу, без учета налога на добавленную стоимость *:	4250000
